

Қоңыр сарын

Өмір КӘРІПҰЛЫ, жазушы.

Кәнігі тарлан саусақтарда жаңылыс жоқ. Бипаз ырғақты майда шертіс дәмді дыбыстарды есілтеді. Шынаққа төнген палуан қолдың қимылынан кәрі қыранның қанат сермесіндей аздаған шабандық байқалады. Егілме мұңнан да азатшыл арманы басым,сағынышқа толы сыбызғы әуез тұла бойға шым-шымдап тарап, жүректі егілдіреді. Даңғырадан мезі болған қасаң құлақ ойлы сазға қанығып бір сергіді. Шерменде жетім көңіл күрт босаңсып, безер жанарға жас үйірді. Жүректен өткізбесе, жүреккке жетпейді. Өзін тұшындырмаған туынды өзгені қайтіп бау-расын.

Әбікен асқына бусанды. Шау тартқан көкей шиыршық ата шымыр қағысқа жол ашты. Пернені сауған саусақтар бұйығы сарынға жан бітіріп, қоңыр үнге түрткі салды. Шерге толы бойлауық сарын дендегенде, домбыра ботасы өлген інгендей боздап кетеді. Күйші осы тұста саусағын тұсаулап, үгілме мұң мен ащы зарды құмықтыра жұмсақ қағысқа ойысты. Кәрі шанақ уһлеуін бәсеңдете бере тың жыр өктеді. Күй тілімен өрілген толғау ескектеген қоңыр желдей домбыра тынысын аша түсті. Тыныс кеңіген сарынды біраз пысықтаған соң, Әбікен балаларының көйлегін жамап отырған Шәкенді сөзге тартты.

- Бәйбіше, қалай шықты?- деді көңілді пішінде.

- Өз жаныңнан шығарған-сың ба? - деп зайыбы жорта таңғалсыды, - Күй халықтікі. Оны меншіктеуге хақымыз жоқ, деуші едің екі сөзіңнің бірінде.

- Әлбетте солай, - деді Әбікен қосағына ойлы кейіпте назар тоқтатып. - Өзіңде тиесілі бір күйің жоқ деп қыңқылдай беруші едің.

- Жайың белгілі. Мұны да біреуге тели саласың әлі, - деді Шәкен отағасының сөзін бөліп.

Әбікен тосылды. Ермегі дүниеге келгенде, зарығып келген ұлына куй арнап еді. Кейін сол сарын басқа біреудің шығармасына кірігіп кетті. Шәкен соны ілік қылады.

- Олай болса, “Қоңырды” саған сыйладым! - деді отағасы өзіне риза кейіпте.

Танданысын жасыра алмаған Шәкен:

- “Қоңыр” деймісің?! - деді сұраулы кейіпте оған сенімсіз көзбен тесіліп.

- Иә, Қоңыр! - деді күйші жайымен ғана.

- Кісі аты ма?

- Өткен өмірдің жиынтығы есепті, - деп ол жорта жалтарды.

- Жасырасың, ә? - деді жас әйел оқыс дүдәмалданып.

- Бірін өлтіріп, бірін алғандағы көп қатындарыңның бірі ғой, сірә?

Отағасы басын шайқады. Қызғанышы оянып кеткен Шәкен оқыс тұтанып, сезімін ірке алмай бөлмеден шыға жөнелді. Әбікен сәл езу тартты. Артынша ауыр күрсінді.

Абай елуден асар аспастан: “Қартайдық қайғы ойладық, ұлғайды арман” деп торыққан ғой. Бұл ақын жасынан да асып барады. Алпыс төбе көрсеткелі “о, шіркінді” жиі ауызға алатынды шығарған. Тағы да да-нағой абыз: “Өмір дүние дегенің, ағып жатқан су екен, жақсы-жаман көргенің ойлай берсең у екен”, - демеді ме?

Расында солай-ау өзі. Өткенді еске алса көкірегін өксік қысып, іші жылайды. Ішке

іркілген жас удан бір кем емес. Жүрегі зілденген адамнан күй тұрмақ жөні түзу сөз шыға ма. Ақын айтқан: “іші өлген сыр-ты саудың” өзі нағыз. Бірақ ол заман бір басқа, мына заман бөлек емес пе. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған әділетшіл қоғамда сары уайымға жол жоқ. Осыдан жаман ырым бастап көрсін, өз обалы өзіне!

Күйші қобалжыды. Күй шығарып несі бар, ә? Кесірі отбасына тиіп кетіп... Қалай болғаны өзі? Жүрегін жарып шыққан бірегей туындысын тұншықтырып, шала жансар күйде тағы біреуге ысыра салмақшы ма? Сонда туған бала-сынан безінген тас бауыр әкенің кейпінде болғаны ғой. Шәкен айтқандай, бірін-бір, екісін-екі, иесіз жетім күй дегізгенше, жұртқа дабыралап тұсауын кескізгені дұрыс.

Бірақ бұл ойына да табан тірей алмады. Өз сыры өзіне аян. Жан түбінде іркілген зар-нала, шер-шеменді сағыныштың тәтті уына араластырып, қойыртпақтап жіберіп еді. Содан ба күй ырғағында өксікке толы өкініш басым. Жай ғана өкініш болса бір сәрі, жан ай-қайына ұласқан ащы зар бе-беулегенде, домбыра тым “уһілеп” кетеді. Жылатпайын десе жөні түзу сарын шықпайды. Жылатса тағы пәле. Шертіліп тартылатын арқаның нақысты күйлеріне “сөз ергелі қашан. “Әншейін, бір сәттік көңіл күйге құрылған жылауық сарын. Бай-бағланның тоқтығын басу үшін шығарған ермегі” дегенді жиі естисің. Көңілі май ішкендей айнып, тағы дағдарсын. Заман екпініне ілеспейтін жат сарындағы шығарма дегізгіп қайтеді. Күйші керағар пікірмен көп алысты. Итжығыс түссе де, күдіктен құтылмады. Өліп-талып қолы зорға жеткен абырой атақтан айырылып қалмайын десе, жойсын мына гөй-гөй сарынды. Әйтпесе бұрынғы өткен күйшілердің біреуіне бәсірелесін. Сазгерлерге ұсынсын, тіпті болмаса туашақ шығармасына кіріктіріп, жымын білдірмей жібереді. Әйтеуір, жерде қалмасын, кәдеге асқанының өзі неге тұрады.

Ол домбыраға ынталы созды қолын. Бос бұраспен тартылатын соны күй сылбыр бас-талып, бірте-бірте дамыды. Моп-момақан дыбыстар шиыршық ата шириғып, домбыра көмейінен ащы ыза мен шер лықсығанда, күйші масаттанды. Бұған керегінің өзі осы. Келте қайырылатын қоңыр сазда тілмен айтып жеткізгісіз сұмдық сыр жатыр. Сыбырдан секемденген саққұлақтар, бір есептен алданып қалуы кәдік. Өткенге лагнет айтқандай тұстары баршылық. Алайда оның күй тілімен ұқтырайын дегені мүлде баскаша сарын-тын.

...Молладан қара танығаны болмаса,Әбікен ұзақ оқымады. Әкесі бұны билікке бейімдеген. Туасы сөзге сараң тұйық жігіт өмірге оң көзімен қарауға бейім еді. Содан да домбыраға үйірсектеп сыбызғы үнді қуалайды. Жетсең алға басқан сылқым саз қыздай сықылықтап кәне, ұстатсыншы! Жас жігіт еліге емексіп, сиқыр әуездің қыр соңынан қалмаған. Ұстазға зәру емес. Ауылдасы Баубек, тарлан домбырашы Қыздарбек, саусақтары пернеде аттай желген жорға домбырашы Әбди мен Сембек, одан қала бере немере ағасы Мақаш жас талапкерді алма кезек баулып, күй тұңғына бойлатқан.

Бойлауық сарынға ден қойған-да сиқырлы аспап жас Әбікенге ыңғай беріп, науан мінез танытты. Сылқым шертіс науша сезімге тамызық тастап,жүрек отын үрледі. Қыз қойнына қытық боп енді.

Әбікен бай ауылдың мырзасы. Отыз жыл болыс болған атақты Көпбайдың немересі. Айттырған қалдыңдығы - қареке Нұрлан байдың қызы Күлше. Бірақ мұның көңілі басқада еді. Бұларға алыстан қосылатын жамағайын Әбдірдің Қоңыртайы жатса да тұрса да көз алдынан кетпейді. Қоңыртай-ақ құбаның әдемісі. Отты нәркес көзі кісінің ішін ерітіп тұрады. Сарт-сұрт еткен ашық мінезді бойжеткен ойын-тойдың бұлбұлы. Бозбала атаулы оған ынтық. Аузы епті өлеңшілер Қоңыртайға қиыстайды.

Ауылым көшсе, қонат Қараталға, Қоңырға кәмшат бөрік жарасар ма. Бірге өскен кішкенедең қарағым-ай,

Жүрекке зарықтырып жара салма, - деп үздіккенде қыз жауабы шаппа-шап әзір тұрады:

Шалтастың біздің ауыл сайында отыр, Көшуге қыс қыстауға дайын отыр. Бауырым Әбікеннен ұят шығар, Қақтықпай, есер жігіт жайыңа отыр...

Бірақ анауың да осал көрінбейді. Қисуасыз жерден ұрынады.

“Тауынан Бүркіттінің қыран ұшқан.

Не жетсін ескі досқа сыр алысқан.

Бармақ басты, көз қысты бола берер,

Екі ата бір-бірінен қыз алысқан...”.

Қоңыр қыз айнымайды, еркін сілтейді:

“Отқа жақпас жауырынды ырым қылып,

Жатқа берме деген бар тәуіріңді.



Қалыңдық ойнауға ертең жүргелі отыр, Өсекке ұрындырма бауырымды.. ”

Әбікен құсмен қалыңдық ойнауға барған жаздың күзінде қондырды қолына, Іле Қоңыр да ұзатылып кете барған. Содан кейінгі жылдардың жаңғырығын ащы шықты. Ақ қашып, қызыл қуған дүрбелең сүттей ұйыған елдің берекесін алды. Бай-басыр, кедей-батыр атанды. Мырза біткенді жүдеткен, құл-құтанды түлеткен төңкерісшіл заман дуалы ауыз билер мен мыңды айдаған байларды қырына алды. Немере ағасы Мақашты ойласа, күні бүгін іші күйеді. Жігіттің жам-бозы еді-ау сабаз! Биік бойлы сұлу пішінді мырза көп сөзге жоқтың. Назаланғанда қападар көңілін күймен сейілтуші еді. Домбыра тартқанда екі көзі боталап қара сұр жүзі күреңіте бусанатын. Шерлі аспапты

інгенше боздататын. Кешегі тартысы бүгінгі шертіске үйлеспей, соны қағыспен өрілетін. Мақашты заман ағысы жөнінде сөзге тартқанда, би атасы: “Оны домбырадан сұра” - деп өзінің “Зар қосбасарын” бебеулетер еді. Мырза ағасының жеке басының мұңы да жетерліктей. Қосағы тоқа Мұстафаның қызы Мүкәри сұлу келіншек кезінде өліп, мырзаны шерменде қылғаны аздай-ақ, содан қалған тұңғышы Баһрамның да азабы әкеге оңай болмады. Дәулет-нәубетке, бақ-сорға айналған алақұйын кезеңде сұлу қызы бар әкенің күйі қай бір келіскен. Сейфолланың Сәкеніне қиятын еді, оған рулық намысқа қызғандар көлденең тұрды. Әбікеннің бүйрегі ақынға бұрған. Бірақ ел ішіндегі сойылшыл содырлар ішті-тысты боп мұны оқ-шаулап тастады. Дала заңы қатал. Қызға қырық үйден тиым. Көрінген көк аттылының қолтығында кете барса, қыз өсірген елде не бедел қалсын. Атаның күшін, ананың сүтін ақтамауға жаралған ұл мен қыздан не қайыр? Шіркін-ай десеңізші, қазақтың ақиық ақынына бір сұлуды қиса қайтетін еді! Бұл Әбікеннің ниеті еді. Басқа ағайындар Сәкен өмірінің көлеңкелі жақтарын көлденеңдетіп: “Қыран болып келіп Шалтасқа, қарғаша бұқтың жартасқа, қызымыз саған бармайды, опасыз дейді жолдасқа” деп ақынды ашық келемеждеді.

Ақын шымырқанса жыр жазады, қорғансыз сұлу құсаланса қайтпекші? Қиыны сол еді. Баһрам аз күнде гүлдей солған. Құла түзге маңып шығып кете берген соң, қасына андушы қойдығранды. Әбікеннен басқаға тіл қатпайды. Ағалы-қарындастың екеу ара күңкілдесуі кінәласудан әріге бармаған. “Кіші Акке-ай, бұта құрлы панаң болмады-ау!”- деп уһілегенде Әбікеннің дымы құрыған.

Ақынға қатты құлаған қарын-дасына нендей тоқтам саларын білмей, домбыраға қол созады. Ғашықтық азабы қинаған жаралы қыз қоңыр сазға балқып аздап тыншиды. Кенет шоршып оянады да, далаға қашады.

Баһрам құсадан өлді. Ұзатылған жылдың қысында құсадан көз жұмды. Найзакескенде қалды сүйегі. Келер жылдың күзінде Мақаш мырза озды дүниеден. Атақты шонжар Көпбай болыстың немересі дәулетті мырза оқыстан үзілді. Қырық тоғыз жасында жұмбақ өліммен аяқтады ғұмырын. “Сүйегімді бабаларымның қорымына тапсырыңдар. “Зар қосбасарым аманат саған” деген хал үстінде жатып. Мақаш өлісімен ел ішінде дүрбелең басталған. Байларды қамшымен қойша қуған тәркілеу келіп киліккен. Кәмпескенің беті қатты-тын. Жаз шыға бастаған қаралы науқан қара күзге дейін толастамады. Кәрсөн-Кернейдің мыңды айдаған байлары жуан ата балаларын торғайдай тоздырып, шаңырағын ортасына түсірді. Бірінші кезекте Мақаштың артында қалған дәулеті қатталды. Шаруасы шақтыланған Әбікен де тәркіге ілікті. Қотандағы аз мал кедейкепшіктің үлесіне тиді. Әбдіре, сандыққа сықалған асыл бұйым, тең-тең дүние талапайға түсті. Сондағы Күлшенің ұстамдылығына әлі күнге таң. Екі жігіт қолдасып әзер көтерген әбдіреден бір сабақ жіп те алмады. Қайсар әйел: “Күшіктерім аман болсын” деп үнсіз безеріп қала берген. Сөйткен жан жарына ақ өлім бұйырмады, аштан өлді. Аштыққа сүзек араласып, кетеуі кете бастаған Күлшенің тірсегіне түскен шәші бірақ-күнде жидіп түсіп қалды. “Енді

мен адам болмаймын, -деген ол күйеуіне кемсеңдеп, -Балаларды сақтап қал”. Екі күн әуреленіп бетіп зорға жасырды. Аялы қой көзі пәктік пен сұлулықтың айнасындай еді. Жұмылған қалпында кетті. Өлі жанарын қанша уқаласа да безеріп икемге келмеді. Сұп-суық жансыз жанарда опасыз жалғанға нағылет айт-қан сұсты қарсылық бар еді.

Егіз қозыдай қос құлыны Жаханша мен Дәлелхан да жер томпайтқан. Үш жасар қызы ғана қалып, таңертең оянса ол да тас болып қатып қалыпты. Соңғы бауыр етін жер қойнына тапсырған соң қыр асқан. Қайда барарын өзі де білмейді. Білгенде, білем-білем құйрық асата қоятын кім бар. Аштық жайлаған ауылдар моладан бетер суық. Көрінген жерде сұлаған адам. Адам етіне құныққан қасқыр мен түлкі жолын бөгеп жүргізбейді. Қарға құзғын мүтін даланы жайлап алған. Екі-үштен қол ұстасқан аштар кезігеді. Түрлері аянышты, адам деуге келмейді. Құдды кебінін сүйреткен тірі әруақ дерсің. Ішінде тамақ болмаған соң кісінің сөзі де бұзылады екен. Кезіккендерден Әбікен сөз сұрап жарытпады. Бет алысы аудан орталығы. Ілбумен бір тәулікті өткерді. Жалғыз қонды далаға. Күз қабағы кіртііңкі. Бұлыңғырланып түнереді де тұрады. Өлексеге тұмсықтарын қандаған қарға мен құзғында есеп жоқ. Онсыз да өлік сасыған даланың ұсқынын кетіріп-ақ тұр. Қора-қора қой, табынтабын жылқы жайылатын құба белдер мен жота-қырлар жымжырт. Ұшқан құстан басқа тіршілік белгісі байқалмайды. Тарлауы мен изені желкілдеп, алқара көк жусаны бөріткен, көдесінен қашқан қоян көрінбейтін шүйгінді дала құлазыңқы. Тігулі қалған үйлер жел жағынан болмаса, ық жағынан жүргізбейді. Иістенген адам денесі қолқаны қабады. Айбарлы ақ үзікті иесіз ақ шаңқан үйлер құс саңғырығына малшынып қалған.

Әбікен емпелеңдей тырмысады алға. Қуаты сарқылайын деді ме, аяғы шалынып, сүрінуді жиілетті. Кенет есік пен төрдей жерде бірдеңе ағарандап қозғалғандай болды. Анық көрді тушадай ақ қоян селтиіп қаперсіз жатыр. Қашатын сыңай байқатпайды. Бұғына түседі қайта. Таяқты жіберіп қалған. Дәл тиді ғой деймін әлгі елес қимылсыз. Қоян дегені жылқының қу басы екен. Дымы құрлыған ол торсықтағы судан қылқылдата жұтты. Қалта түбіндегі талқанның соңғы шөкімін талмады. Жүрегі жалғанбаған соң, жан қалтасына жасырған төрт-бес құрттың кішірегін аузына салды. Тас болып қатып қалған екен, екі ұртына кезек жүгіртіп, сүйек қашаған сиырша малжаңдады.

Сәл шираған ол қу басқа үңілді. Ойына аңыз оралды. Қозы жайған жетім бала қу басты құшақтап: “Сені қара қасқа тұлпардың басы деп кім айтар, мені Толыбай сыншының баласы деп кім айтар”, - деп жылаған екен. Айдалада жаяу сенделген мұны кешегі мыңды айдаған Көпбайдың немересі деп кім есіркеп, қол ұшын бергендей. Арпа, бидай ас болған, алтын күміс тас болған ашаршылықта астындағы атын кім түсіп бергендей. Үрерге иті, сығарға биті қалмаған сорлы қазақ ит-құсқа жем болып, бостан-босқа қырылғаны-ау осылай. Осыншалықты қырғынға ұшырайтындай не жазығы бар еді момын жұрттың?! Жазығы сол мыңғыратып мал өсірді. Тегін су, тегін қымызбен жарылқады жарлы жақыбайды.

Қоңыр сарын

5-ші беттен.

Әбікен әсілі дініне берік көнбіс жан. Көңілін қуаныш желпісе, иәки мұң қажаса, домбырадан табады жұбанышты. Сөйткен киелі аспап кәнігі сырласы қайда? Домбырадан бұрын құдай қосқан қосағы, бауыр еті балалары ше? Оларсыз өткізген өмірде не опа бар? Нендей қызық бар? “Біттің Әбікен, біттің” дейді бір суық сыбыр дәл құлағының түбінен.

Ол бар қуатын жиып алға тырмысты. Иесіз ауылдарға соқпай, айналып өтуге тырысты. Жаяу жаяудан қашады. Біреуді біреуге бөжекей қылған заманың осы. Қайрақтң өзенінен өтіп, Ұшаланы бөктерлей соқпақ сорабына іліккенде арбаның ізіне ұшырасты. Дәуде болса азығы бар біреу шығар. Әбікен жүрісін жылдамдатты. Бірақ мұны ілестіре ме, көлігі бар жолаушы. Қырға шыға келгенде арбалыны көрді. Аты болдырған ба, жүрісі мимырт. Таяна бергенде шамалады, ат емес, адам сүйреп барады. Жайпақ ләшеңкеде төбедей төңкеріліп біреу жатыр. Жақындаған бұған еңсеріле жонын көрсетіп қасқырша күрілдеді:

- Тоқта! Атыласың! Әбікен аңтарылды. Санасына келген ой мынау: “Дәм тұзымның таусылған жері осы болды ғой”. Мылтықтың тарс етер сәтін күтіп тұрды да қойды. Бұқсам қайтеді деп бір оқталған. Бірақ оған кеш. Арбадағы алпамса бесатарын бұның өңменіне бағыттап:

- Қайт кейін! - деді.
- Болса да аштан өлемін, ата бер, - деді бұл.
- Кімсің?-, деді дәу қара.
- Қазақпын.
- Қазақ екенінді біліп тұрмын, еліңді айт.
- Қарасек,оның ішінде Кәрсөнмін.
- Одан қайсы?
Таңыбаймын...
- Өңменіне тесілген мылтық тайқып кетті. Сөйткенше құлағына тосын үн шалынды.
- Жаным-ау, Әбікенбісің! Әбден беріштеніп кеткен жүрек сәтте босаңсыды. Тәлтіректеп барып шиге жамбастады. Бұл кім болды екен деп ойлап үлгертпей, әлгі әйел екі бүйірін таянып, ал кеп сұңқылдасын:

“Қайран да көмей жыр айтар,
Опалы досқа сыр айтар.
Жақсының тірі көзі деп
Бауырым сені кім айтар?!...”
Одан әрі ұзын сонар жыр өктеді. Ащы зар запыран төккенде тау теңселіп, өзен өксігендей болды. Шер көкірек құсалы әйел біресе ботасы өлген інгенше боздайды, біресе құлынын қасқырға жегізген қулықша шұрқырайды. Енді бір кезекте, жас бұзауын жоғалтқан сиырша азынайды. Шағымшыл жоқтау ән еді. Әлде бұрын шығарған ба, бірақ оған келіңкіремейді. Аяқ астынан ақтарылған саба түбі сарқынды шер қарақан басының назасынан да дүйім жұрттың жан айқайындай тым өткір де, өктем еді.

“Гектір деді, кептірді,
Тонна деді, тонады.
Ортаққа түсіп мал мен бас,
Шығарды жаман жораны”,
-деп, бір қайырса, іле қатая шырығып, қарғыс наладан зар төге, қанаты кетілген сұңқарша сұңқылдасын:
“Үсік шалып балғынды,
Заманымды тар қылды.
Жүйрік мінген ерімді,
Бір мінгішке зар қылды.
Айырылып қазақ бар малдан,
Аткөншек боп қаңғыды.
Көмусіз қалып арысым,
Басына қарға саңғыды...”
Әбікен есеңгіреп қалды.
Мана арбаны сүйреткен әйел дауысын шығарған сәтте есі

ауысқандай боп:
“Тіріліп келген
Күлше болғаны ма, бәсе көзі жұмылмаған еді” деп бір ойлаған.
Соның артынша көз алды қарауыта, төңірегін тұман басқандай, қара түнекке жұтылып кете барды да, тым-тым алыстан азалы сарын талмаурады.
“Өлген деген осы шығар, мені де жоқтап жылайтындар бар екен-ау” дегенді айтып үлгерген.
Өз дауысы өзіне анық естілгені соншалық - үміті оянған ол: “өлмеппін, тірімін” деп қолын қимылдатып еді, сап-салқын бірдеңені мытыған саусақтары жазылмай қарыса тістесіп сіресіп қалды. Аяғын қозғау да оған күшке түсті. Денесінде болмашы діріл бар екен. Үміті тіріле бастаған ол көз алдын шымылдықтаған тұмантықты сейілте алмай біраз қиналды. Шатасқан санасын әлгіндегі оқыс үн демеді. Әйел жоқтауды үдеткен сайын, қуаты сарқылып қатып семген бойына жылу енгендей, өзінің осы халін аздап шамалады.

Әйелді жыға танымаса да, одан өзіне бір жақындықты сезініп, бойын жиып алды да, екі-үш ұмтылып аяғынан тік тұрды. Ондағы сүйегіне қарысқан далбаса әрекет еді. Оның үстіне арбадағы дәу жеміне кылғынған бүркітше қозғалақтап, бұған бір, әйелге бір қарағыпштап, бесатардан қолын айырмайды.

Сұңқыл үдеп барады. Тұлабойын буған зар-нала әбден асқынған әйел жылаудың көкесін енді танытты. “Қойсаңшы! Болды ғой, босқа қажып қаласың” деген арбадағы дәудің жанашырлық сөзін құлағына ілмеді. Қайта ат басын еркін жіберді.

- Қызыл беттен әрі кет, Қыжырлы қолдан әр кетті...
Үйқас ырғағы келіскен жыр үлгісіндегі сарынды Әбікен түгел дерлік ұстап қала алмады. “Қынадай қырған қазақты, басқа салған азапты, көріңде Кеңес өкірсін!” деген тұстары жүрегін шымырлатып жіберді.
Әбікен әйелді зорға таныды. Аштықтан топалаң тиген қойдай қырылып жатқан тамам қазақты жоқтаған баяғы ақын қыз Қоңыртай еді. Жапсарлас Қуандыққа ұзатылғанды. Күйеуі жауырыны жерге тимеген айтұлы палуан деуші еді. Сірә, мына дөңкиген қара сонысы болар...

Сол күні олар түзде еруледі. Аш өзегін жалғап, әл жиған Әбікен арбаға атша жегілді. Қоңыртай демеп отырды. Күйеуінің шықпаған жаны. Оқ тиіп қансыраған оның жағдайы кешегіден бүгін төмен. Қара саны күп боп ісіп кеткен. Сабаз шыдамды екен. Оқтан жырым-жырымы шыққан жарақатын елемегенсіп, “Сәтбек батыр” қыса-сын созады. Көріктей кеуде көтеріліп басылып, көтеріліп басылып уһілегенде Әбікен жүрісін ширата түседі.

Қоңыртау кешегі жоқтауды құмығыңқы ыңылға ауыстырып алған. “Қос ботам-ау, қос жанарым-ау!” деп аһ ұрғанда, қара жер қақ айырылғандай болады. Араға тағы бір қонып, аудан орталығына жеткен бұлар қайыр қош айтысып өз жөндерін тапқанды.

Бас амандаудың амалы-бұны жіпсіз байлады. Ол қысты далбасалап Ақсу-Аюлыда өткізді. Көз көргендер күйшіні шетке қақпай болмашы қоректен тең бөлісті. Жаз шыға Балқашқа бет түзеген. Қорегін Көкше көлден айырып, балық жеп күнелткен ағайынның қатарлары селдірегенмен, жаппай аштықтан аман екен. Бірақ кісі өлімі әлі тиылмапты. Кеңдірі кесілген аш-арық көл жиегінде судан шығып қалған балықша шашылып жатыр.

Ол Балқашта тұрақтай алмады. Ата қонысын аңсаған жетім жүрек тағы да мұны тау арасына қиыстатты. Қаратал бойында ұшқан құстан басқа тірі жан жоқ. Иесіз қалған қыстаулар аңғал-саңғал. Құлазыған мекеннен көңілге медеу талпай сандалып, Ақсу-Аюлыға тағы келген. Жаңадан ұйымдасқан мал зауытына жұмысқа тұрған. Бірақ түртпектен құтылмады. Қаймақ айыратын сеператордың тұтқасын ұстаған еді, жуан атаның тұқымы, зиян-кестік жасайды деп қара жұмысқа ығыстырылды. Бәрінен де қиыны-қолына домбыра ұстатпағаны. Күй тартқанын көріп қалса, қырағы белсенділер: “өткен заманды аңсайды, сары уайым сапырады” деп қоңыраулатады. Содан бір күндері салып ұрып Қарағандыға барды. Ниеттес азаматтар ақыл берген. Көз түрткіден құтылудың бір амалы - елден кету.

- Қайда барамын?!, - деді ол дымы құрып.
- Алматыға.
- Онда менің кімім бар?
- Сейфолланың Сәкені ше?
- Өзімнің де ойым сол.
- Ойың сол болса, жет қайткенде де Алматыға. Қаражат таппай біраз жүрді.Үстіне ілген ескілеу боз шекпен. Аяғында шоңқайма етік. Біресе пойызға отырып, біресе кемеге отырып, біресе жаяулап бір ай он күнде Алатаудың етегіне іліккен. Ақар-шақар асқар шың көзіне жылы ұшырап үмітін тірілтті. Ішім қатып кеткен шығар деп ойлаған. Қолқа жүрегінде қозғалыс бар екен. Салқындаған бойы күрт жылынып ыстық қан тепсінді құқыл реңінде. Көңілі алып ұшып, қиялы қанаттан-ды, қапелімде. Осындайда домбыраны шертіп-шертіп жіберсе ғой.

Күзгі күн сәл-пәл бұлыңғыр. Иығымен аспан тіреген алып таудың қабағында аздаған салқындық бар ма қалай? Тау екеш тауда мұңнан арылмағандай көрінді бұған. Ел уайымын арқаалаған данагөй қарияны еріксіз есіне түсірді. Отыз екінің аштығында кәрі сүйегі саудырап, сай-сайда қалды-ау есіл абыздар.

Алматыда Сәкенді білмейтін жан жоқ. Үйін тез тапса да, босағадан бері аттағанда сәл қобалжыды. Жол азабы қажытқан жүдегендігінен, киімінің олпы-солпы өңсіздігінен қорынып еді. Ауыз үйде кідірістеген ол бірден төрге озбай дыбыс берді. Шырайлы, сұңғақ бойлы ақ құба келіншек қарсы алды мұны. Кісіге қаймықпай тік қарайтын әлбетінен адуын өр әйел екендігін бірден байқады. Шашы тілерсегіне түсердей ұзын-ақ. Ерні қаймыжықтай. Маңдайлы. Келіншектің бет ажарындағы шұғылалы нұр келісті тұлғасымен үйлесім тауып сүйкімін арттырғандай екен. Жаратқан бедеудей сауырлы сылан келіншек бұған аса сұлу көрінбеді. Жай ғана сүйкімді ұрғашы десе болғандай.

- Жоғары шығыңыз, - деді ол осы үйдің бәйбішесі екендігін білдіре өктемсіп.

Әбікенде үн жоқ. Бойы салсал боп шаршаған ол теңселіп кетті.

- Сейфуллин жолдастың үйі осы ма? - деді батылданып.

- Осы.

- Онда жөн. Сәкенге айтыңыз. Елден домбырашы Әбікен келіп тұр деп.

Сәкен тостырмай тез көрінді. Нұрлы жүзі қуаныштан күреңіте алаулап қонақты бас салды. Қос құрсақ темір құрсаудай сіресіп қатты да қалды. Ақынның көзінен ірі жас тамшылары домалғанда, дәті берік жолаушы сараң күрсінумен тынды. Жылау үшін де қуат керек. Заман тоқпағы төбесінен шүйліге-шүйліге әбден басыр ғып тастаған ба, кейінгі кездері күйшіге тоңмойын меңіреулік пайда болған-ды. Сол

әдетінің қат-қат ызғары сынғанымен аздап-қатқат тоңы әлі де мұз қалпында еді.

Жуынып-шайынып үстіне таза киім киіп, ыстық тамақ ішіп, жан шақырса да Әбікен үй иесімен бірден шүйіркелесіп кете алмады. Онысы бір жағынан саясатқа қайшы кеп, артық сөйлеп қоямын ба деген сақтығы-тын. Әрі өткеннің сұмдығын қопсытып алып, ақынның жүрегін бұзып қоярмын деп тартынған.

Өткен күнді айтысып, бейбіт әңгімеге ден қойған екеуінің үні кейде күбірге тіреліп, сыбырмен көмкеріледі.

- Өкіметің қырып тастады ғой қазақ сорлыны! - деді күйші жыларман болып.

Сәкен тұнжырады. Мойыл көзі тұңғыықтанып терең күрсініспен: - Арты қайыр. Теңелеміз әлі, - деді.

Күйші ақын досын аяды. Алыс-жұлысты көп көрген қайсар азамат ойға берілгенде жүйкесінің сәл-пәл жұқарғанын сездіріп алады екен.

Қолының дірілін басу үшін саусақтарын айқастырып маңдайына сүйеген қалпы отырды, отырды да қыранша селт етіп:

- Саусағыңнан төберік, Әбеке!, - деді көз қиығымен домбыраны емеуріндеп.

Қонақ бәлденбеді, сыршыл аспапқа ынталы сзды қолын. Түңіліп кеткеннен бе домбыраны ұстаған сәтте оны бір жатырқау сезімі биледі. Шекесінен тер шыпшып, саусақтарының ұшы шымырлағандай болды. Іле оны құштарлық жеңді. Көптен аңсаған қалаулысымен қауышқандай әсерде жүйе-жүйесі босап жүрегі уылжып, ішін жылы ағыс кернеді. Сол-ақ екен, кәнігі жорға саусақтар еппен қимылдап, дәмді дыбыстарға жан бітіре басады. Тосырқағанмен, тосаңсымапты, үстемелеп үдетіп жіберді қайта. Соны қайырымдар кәнігі машыққа леп беріп, күй тынысын ашқанда, ризашылықпен бас изеген ақын көзі боталап қатты әсерленді.“О, Әбеке-ай, қатып кеткен сағынышымды жұмсарттың-ау бірі!” деді жебелі сұлу мұрты көбси қозғалақтап.

Ол ақынның үйінде екі апта болды. Сәкен оны кешіктірмей жұмысқа орналастырды. Театрда әртіс болсаң, дегенде, Әбікен шүйделі шекесін сипағыштап үнсіз қалып еді.

Күй тілімен айтайын дегені бұл да емес-тін. Жалқы туындысына өткеннің өкінішін қосақтағаннан не шығарады. Өлген тіріліп, өшкен жанса екен. Өшкенде жанар-ау, бірақ өмір оты бірден алаулап кете қойса жақсы-ау мұның тартқан күйінен? Көмейі бітелген пештей бықсып, қолқаны ащы түтінге қаптырумен итшілейді көмпіс пенде.

О, бұл қазақ, не көрмеген тас маңдай! Отыз екінің аштығын да қырылғаны аздай-ақ, отыз жетінің лаңы небір қасқа мен жайсаңды отаған жоқ па? Сәкендей біртуарды атуға шімірікпеген қанды қолдарға не дауа? Халық жауы деген қара тізімге ілікпей қалғанына күні бүгінге дейін шүкіршілік етеді. Елде, ауылда жүргенде, кім біледі, дәмі ауатын ба еді. Әлде киелі аспап домбыраның шарапаты ма, қалай болғанда да, кісі қанына жерік қара құзғындар мұны пәнайы себеппен көрмей қалған. Атағы жоқ елеусіз әртіске тырнағын қандағысы келмеген. Шынжыр балақ, шұбар төстің тұқымы, бай баласы екенін білмеген. Білгенде ғой, ендігі ит жеккенде жүретін бе еді, әйтпесе көзін жоятын ба еді, әлде қайтер еді? Күй тілімен, мына соны сарынмен жеткізейін дегені бұл да емес, басқа бір жайт. Отыз екінің санада қалған қасіреті жүрегін не мықтап орнап, бітеу жараға айналып, күні бүгін сыздайды. Қанша ұмытайын десе де, ауық-ауық ойына оралып ішін ашы-

тады. Жасы егде тартып уақыт көші алға жылжыған сайын сонау жылы айдалада арбаға жегілген әйелдің зарлы сұңқылы құлағынан кетпей, үзілмей соққан даланың қоңыр желіндей ызыңдайды да тұрады. Сондағы көрген білгенін тісінен шығамай, көңіл көмбесіне мықтап жасырғандай еді. Азалы сарын арада жиырма жыл өтсе де тақымдап қыр соңынан қалмай, түп етегіне жармасумен жүр.

“Қоңыр белді өрт алды,
Қоңыр жүзді дерт алды.
Заманды жаман аздырып,
Шабақ жұтты шортанды.
Қоңыр желге малтығып,
Қоңырсық қапты қолқамды!” - деген зар сірә да естен шығар ма. Екі күн бойында арбаға кезек-кезек жегілгенде, Қоңыртайдың дауысы бір сенбеген. Қайта үдеп-үдеп салады. Тау ішінде отыз үйлі ашарықты арқар, киік атып, қақпап құрып асыраған ащы Бертісті жолбасарлар қапыда қолға түсіріп, атын олжалаған да, жарадар қалпында айдалаға тастап кетеді. Екі баласын үйде қалдырып, күйеуін іздеп шыққан Қоңыртай үш күн сандалып аңшыны зорға таппай ма! Қайтып келсе үйдің іші әлпәртәптер дейді. Үйелмелі-сүйелмелі екі бала қолды болған. Әйел-еркегі аралас босқын ашарықтармен еріп кеткен көрінеді. Алдына ісік кіре бастаған ауылдастарының қан тілеген бұзық әлпетінен сезіктенген сорлы ана үй-үйді жағалап тінтіп шыққанда сұмдықтың үстінен шығады. Жегілікті еті бар балпанақтай қос ұлын ашыққан тобыр бәршектеп жеп қойыпты. Домаланып бастары ғана қалған. Күйеуінің мылтығы қолында болмағанда, адам етіне дәнiккендер өзiн де жазым еткендей екен. Тыққан азығы мен аздаған төсеқ-орнын арбаға салып жаяу сүйреткен қалпы тау арасындағы күйеуіне барады. Ұзын-сөздің қысқасы жолда күйшіге жолығады.

Сол бір аянышты жағдай Әбікенді ауық-ауық мазалаумен жүргенді. Туашақ шығармасына “Қоңыр” атын телуінде осындай бір сұмдық сыр бартын. Күйдің мазмұнын өлең тіліне көшіргенде былай өріледі:

Мал мен басқа дала толған,
Асқақтаған аласа арман.
Байы-мырза, кедей-күйбең,
Кісіліктің бағасы озған.
Көктеу-ырыс, жайлау-думан,
Ән шалқыған алты қырдан.
Қыз-бозбала сауық құрған,
Шалқар жайлау күнде

думан,
Қаңырады, қалды бәрі,
Көңіл сөңді, жан жылады.
Жайлау-жым-жырт сағым

алды,
Қара қоныс қаңырады.
Бай мен бектің күні сөңді
Құл құтанның бағы жанды
Жұртта қалды қара саба,
Заман азды ара-дара.
Аран ауыз ашаршылық,
Жұтты қылғып,бар ма шара?!
Жан жүдеді,қалжырады.
Күй құмықты, жан

жылады.
Төрт қоңырым,сүйген
жарым,
Ашаршылық опты бәрін.
Ат орнына арба сүйреп,
Шырқырады шыбын жаным.
Қырғын тапты қайран қазақ,
Пешенесі сор мен азап.
Домбыраның өшті үні,
Қақ айырылды қара шанақ.
Заман озбас алжасқансын,
Шың сұстанар қар

басқансын.
Одан тағы атып асты,
Алашымның марқасқасын.
Бас көтерді фашист құзғын,
Атыс шабыс тағы қырғын
Боздақтарым жер

жастанды,
Қан қасаппен өтті күнім.
Ұмыта алман соның бәрін
Мазалайды ождан-арым,
Өткендерді еске алғанда,
Шырқырайды шыбын

жаным!..

8-ші бетте.

Соңғы. 5-6-шы беттен.

Әбікен туындысының иінін әбден қандырды. Қайталап ұзақ тартты. Бір ауық терезеден сыртқа көз жіберген. Басын мұнар шалған құзар қыс ызғарын елегендей, тым селсоқ. Өмірінің мағыналы жылдары осы таудың бауырында өткен жоқ па. Үзіле жаздап жеткенде қол ұшын берген марқасқа ақын Сәкен түсті есіне. Ақын рухы туған еліне оралғанына, “халық жауы” деген жалған айыптаудан ақталғанына шүкіршілік етті. “Қоңырдың кей иірімдері Сәкенге бағышталған. Оқыған дұғасы есепті. Одан артық қолынан не келсін. Өмір озады, адам тозады. Өлмейтін пенде жоқ. Күндердің күйінде өзіне де кезек келеді. Ат орнына тай төлеу. Тұяқ жалғар балалары бар. Содан соңғы өміршең өнер. Кейінгі буын Хасеннің Әбікені қалдырған күй еді деп ермек қылсын. Қашанғы бұғынады. Булыққан зарды өзімен бірге әкеткеннен не ұтады. “Қоңырдың” жұмбағын келер толқын шеше жатар. Сұмдығын ішіне бүккен сұрқай заманның шындығы да ашылар-ау...”

Күйші қатты әсерленді. Туған жерін көз алдына әкелді. Шалтастың шәлкем-шалыс бітімін, Бүркіттің түксіңкі қабағын, Тағылының піл сауырын, Ақсарлының ағараңдаған жонын, Найзакескеннің шаншылған сұлу бітімін, Айыртаудың ойдақ-сойдақ кейпін оймен шолды. Ақадыр мен Сапының ақ тастақ қырқасын көз алдына келтірді. Қаратал, Шүмен өзендерін жайлайтын малды ауылдарды қиялынан өткізді. Құлазып бос қалған ата мекенге қайта оралған ел ертеңінен үміттенген ол Тәттімбеттің “Сарыжайлауын” шалқытты. Күй төресі “Сарыжайлауды” тартқанда, Әбікенді көтеріңкі сезім биледі. “Өміршең өнерің барда, Сарыарқадай мекенің барда, өлмейсің қазағым, өлмейсің!” - деп теткіді ол.

Осылай шалқып отырған шақта әйбішесі Шәкен:

- Ағай келе жатыр, - деді есіктен бас сұғып. Бұл қай ағасы екен дегенінше, самбырлаған таныс дауыс құлағына ұрды. Қояндының дел-құлысы екеніне күмәні қалмаған ол оқыс әдіс

Қоңыр сарын

тауып, қолына шүберек орап ала қойды. Қанша дегенмен мұның да әртіс аты бар. Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген әртіс атағына үмітті. Жарақатын ауырсынған болып қабағы кіржиіп, келген қонағын көңілсіз қарсы алды.

- Қолыңа ненің қағындысы келген? - деді Қалибек арқасы ұстағанда көзі шатынап кететін шәлкес әдетіне бағып. - Күйдіргі ме, әлде күбіртке жеп жатыр ма?

Әбікен зор денесін еңсере алмай теңселендеп: - Аздап домбыра шерткенімді көре алмаушы едіңдер құдайларың жарылқады! - деді кәдімгідей-ақ шытынап.

- Мейлі ғой, - деді Қалибек ыңыранып. - Елден сәлем-сауқат келіп еді, сенің табаққа қол салуға жағдайың жоқ екен. Қарындасымның жегені сенің ауыз тигенің ғой.

Үй иесі селсоқ қалыптан таңбай:

- Барсын. Шәкен-ақ жесін, - деді шарасыз қалып танытқансып.

Қалибек осқырынды:

- Не атақта, не шатақта жоқ. Жаман әліне қарамай, халық әртісін алмақшы, ә?!

- Құрдасыңыз маған да қыр көрсетіп қояды, - деді Шәкен аққұба өңі уылжып. - Қоңыр деген нақсүйері бар көрінеді елде. Сонысын сағынып шала бүлініп жүр.

- Не дейді! - Қалибек ұртын компандатты. - Рас па?

- Сөйдеймін! - Әбікен түк шімірікпестен. - Бірер ауыз орысшасын бұлдап мәтүшке-лерге қырындайтын Қоянды жәрмеңкесінің жаяу салы құрлы жоқпын ба?

Жайшылықта тұйықтау ол құрдасымен қағысқанда, тапқыр сөйлеп кетеді. Тапқыр сөйлемеске лажы да жоқ. Ілікті бастайтын халық әртісі. Бұныкі суға кеткен тал қармайдының кері. Әйтпесе, атақты сахна саңлағы, одақтық парламентке депутат, қырғи тілді Қалибек Қуанышбаевты сөзбен жеңу бұған тау құлатқанмен бірдей. Дегенмен кейде қиудан жол табады. Құрдасының дәу көк иті бар. Ол үйге барғанда ит

Әбікенге зор үнмен тіл қатады. Бір жолы әлгінің үні шықпады.

- Итіңе не болған, аузын буып тастағаның ба? - деді Әбікен.

- Бәрібір сен оның үргеніне түсінбейсің, - деді Қалибек мырс етіп. - Оқымысты ит емес пе. Үш тіл біледі.

- Апыр-ай, ә! - Әбікен жорта таңғалсыды. - Мәселенки қандай, қандай тілде?

- Ағылшынша. Орысша және қазақша, - деді үй иесі сөзін нығарлап. Менің итім құрлы жоқсың, орысшаңа ел күледі.

- Дұрыс-ақ! - деді Әбікен сәл күлімсіреп. - Өзі оқымысты. Үш тілді жетік біледі екен. Сессия сайын Мәскеуге салпақтай бермей, орныңа итінді жібер салмаймысың...

Осындай екеу ара қалжыңдары Алматыға тарап кеткен. Қырғи тілді Қалибекті андасанда бір ұтатын Әбікен де тапқырлар санатында. Қанша дегенмен әртіс аты бар. Алматыға қара домбыраны арқалап өнер қуып келгенде, театрдың төріне шығуға септескен құрдасын көңілінен қалай шығарсын. Өмірде де, өнерде де жұптары жазылмайтын екі достық ым-жымдары бір. Қалжындарының өзі әнге бергісіз. Өзін тек домбырашылық қырынан танытқан Әбікен күй шығаратынын құрдасынан жасырған. Онысы дабыралап жұртқа жайып жіберер деген сақтығы. Әйтпесе қанаттас досын дұшпан көрсін бе? Бір жағы күй шығарғанына қолайсызданады. Шәкеннен туған Ермегине күй арнағаны растын. Туындым деуге батылы жетпей, белгілі күйшіге тели салды. Енді міне, біраздан бері жанын жеген сарынды пысықтаумен әлек. Бай-байлаған зардан да тоқтамы басым естияр күй қанша тігісін жатқызайын десе де, өз ырқынан жаңылар емес. Сартап мұңды қоздатқан саналы күңгір қабындағанда күй иесін еріксіз күдік жеңеді. “Өзіме күні бұрын шығарған жоқтауым емес пе” - деп те қобалжиды.

Содан секемденіп соны туындысын ешкімге тыңдата қойған жоқ әлі. Әзірше сыншысы

Шәкен боп отыр. “Қоңыр” оған ұнағандай.

Домбырасы қасынан ұзамаған күйшінің қабағынан жақсы нышан байқаған сезімтал Қалибек: - Қиқақты қойда тарт! - деді бұйырып.

- Қалибектің ойпаң-тойпаңын ба? - деп қасақана қыңырттады ол, құрдастарына арнап тарта-тын секіртпе күйін маңзеп.

Шатынаған қонақ: - Қағын-ба! - деді сұстанып. - Сенің менен жасырған “тығындың” бар. Соны індетпей кетпеймін.

- Оны қайдан білдің, бал ашамысың? - деді үй иесі жұмсақ күлімсіреп.

- Қабағыңнан.

- Ой, саған дауа жоқ! - Күйші құрдасын оқтаудай саусағымен нұқыды. - Өзім де сынатам ба деп жүр едім. Шәкен-ау сыбырлаған. Ал онда жақсылдап тыңда.

Қалибек ұйыды күй ырғағында. Өнердің әр саласынан хабардар кесек тұлғаларды сомдаған ол құрдасының жаңа туындысына “жол болсыңды” бірден айтып салмады. Қатты әсерленгенде жойдасыз шатынайтын көзіне жас келіп құмыға күрсінді. Тағы қайтала деп ымдады да, қос жұдырығын маңдайына сүйеді.

Әбікен мұның бұл толқынысынан жақсы нышан таныды. Сыншыл құрдасының момақансыған тыншу сәті соны әуездің тыңдауға тұрарлық болғандығының белгісі еді. Жүде-мелете үш қайталады да, үй иесі қонағын бақты.

Шақыртусыз келген қиқар қонақ қыбырсыз. Жеме-жемде құлыпталып қалатын жұмбақ мінезді өнер тарланы бір түйілсе біразға дейін шешілмейді. Сол әдетіне сыралғы Әбікен: “Осы жазған пікірін бүгіп қалмасын” деген сақтықпен:

- Қояншығың ұстап қалды ма? - деді құрдасына. - Қалибек жауап орнына бармағын көрсетті. Онысы ризаланғаны еді.

- Ұнады ма?

- Жақсы екен... Тым ауыр ма қалай? Күнүренісі басым. Күйікшер толған!

- Енді қайтейін?! - деді күй иесі шарасыз теткіп. - Арманда кеткен үш қоңыр, көп қоңыларды жоқтағаным. Шығарған хатым, құраным соларға...

Өнердің қос тарланы өткен-кеткенді айтып көп сырласты. Біресе жадырады, біресе мұнайды екеуі. Ақыр соңында бір-ауызды тоқтама келді. Әбікен Хасенов марапаттамаға ұсынылған көрінеді. Соған кедергі болмас үшін “Қоңырды” жарияламай құпия ұстағаны жөн. Асылды тот баспайды. Күні тұғанда шалқып шыға келеді, әлі-ақ.

Әбікен кешікпей омырауына орден таққан. Бірер жылдың бедерінде еңбек сіңірген әртіс атағына қолы жетті. “Қоңырдың” жолы ауырлап кетті, бірақ. Өнер иесінің алған атағына сай партия мен үкіметке адал қызмет көрсету-азаматтық борышы. Одан жаңылды ма атақ-абыройдан жұрдай болып, тұлданған аттай құйрық-жалы шолтып сымпиып қалады. Сондай түбірлі себеппен жасқаншақтап, әліптің артын бақты.

Сол екі ортада бұған сырқат килікті. Дерті салмақты еді. Күн санап дендеп барады. Жүрегі бір қатерді сезіп, ниеттес достары мен інілеріне дастарханнан дәм татырды. Қырғи тілді Алтайбайдың Жүсібі, атағы енді - енді шыға бастаған сазгер Мұхамеджанның Сыдығы және құрдасы Қуанышбайдың Қалибегі бастаған қонақтар тарлан домбырашыға қолқалап күй тарттырды. Соны сарын дендегенде:

- Мынауыңыз бұрын соңды естілмеген мүлдем соны әуен ғой, - десті олар.

Күйші ұстамдылығына бағып басын изеді. Күйді жерлестері магнит таспасына жазып алды. Әбікен осы шығармалар сендерге аманат дегенді емеурінмен танытқанды. Әсіресе құрдасынан көзін айырмаған. Бірін-бірі іштей түсінген екі дос қабақпен ұғысып, бас иезуден әріге бармады.

Кейін “Қоңыр” иесі жоқ жетім күй атанып, қолды боп кете жаздады. Түбі қайыр Әбікенді тапты.

“Қоңыр сарын” хикаятын қағаз бетіне түсіргендегі айттайын дегенім осы еді.